



УПОЛНОМОЧЕННЫЙ
ПО ПРАВАМ РЕБЕНКА
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Қымбатты балалар!

Сендерді сурет байқауына қатысуға шақырамыз!

«Жануарлар – менің достарым!»



Байқау Қазақстан Республикасының Президентінің қамқорлығы аясында,
ҚР бала құқықтары жөніндегі Уәкілдің бастамасымен,
БҰҰ ТДМ және қоршаған ортаға байланысты БҰҰ Бағдарламасының,
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен,
ҚР Білім және ғылым министрлігінің және
«Балалар Әлемді Бейнелейді» Қоғамдық Қорының қатысуымен
ұйымдастырылады.



«Жануарлар – менің достарым»

Бүкілқазақстандық экологиялық суреттер байқауының ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жалпы ережелер:

Гуманизм мен мейірімділік балалық шақтан қалыптасатын аса маңызды адами құндылықтар. Ал сендер, Балалар, жануарлар мен табиғатты қорғау арқылы қайырымдылық пен мейірімділікке үйрене аласыңдар. Сендер мұны жануарлар мен экологияны қорғау тақырыбына салған суреттерің мен жазған эсселеріңді жіберіп, байқауға қатысу арқылы жүзеге асыруларыңа болады. Сендердің шығармашылықтарың мен дарындарыңа тәнті болған ересек жандар айналасына, өзекті мәселелерге сендердің көздеріңмен қарап, ойланып, жалпы табиғатқа деген көзқарастарың өзгертулері мүмкін.

Біз, ересектер, Сендерге – келешек ұрпаққа гүлжайнаған планета қалдырып, Сендердің бойларыңда Жер шарындағы барлық жануар мен өсімдік әлемінің саналуандығын сақтап, жалпы Жер-ананың барлық ресурсына сыйластықпен қарайтындай сана қалыптастыруға міндеттіміз.

Сондай-ақ, сендердің бойларыңда «ересек» әлеммен байланыстың дағдалары қалыптасып, өз құқықтарыңды жүзеге асыруға араласып, өздеріңнің міндеттерің мен мүмкіндіктеріңді пайдалануды үйренгендерің өте маңызды. Байқаудың қорытындысында сендер ересектерге жануарларды қорғау мен табиғатты сақтау жөнінде заңдарға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныс жасай аласыңдар.

Байқаудың бас әріптесі «EDUStream» Компаниясы супер-сыйлық ұсынып отыр – Жеңімпаз өз жұмысын Австрияның Вена қаласындағы байқауға алып барады, ал ынталандыру сыйлықтары ағылшын тілін үйренуге арналған тамаша кітаптар.



EDUSTREAM

«Жануарлар – менің достарым!» байқауының мақсаттары мен міндеттері:

- ҚР балалары мен жастарының назарын бұралқы жануарларға аудару, сирек кездесетін жануарларды жойылып-жоғалып кетуден қорғауға тарту.
- Өскелең ұрпақтың бойында жануарларға сыйластықпен қарап, қамқор болуға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.

Байқауға қатысушы:

- Қазақстан Республикасының 6 мен 17 жас аралығындағы балалары мен жастары.

Байқау тақырыптары:

- Менің сүйікті үй жануарым
- Қаладағы жануарлар
- Барлық жануарға баспана керек
- Менің үй жануарым питомниктен алынған!
- Балалар бұралқы жануарларға мейіріммен қарауға шақырады!

Байқау шарты:

- Байқауға бейнелеу өнерінің кез келген техникасында жасалған жұмыстар қабылданады.
- Кез келген материалмен жасалған жұмыстар [қарындаш, фломастер, акварель, гуашь, тушь, пастель, майлы бояумен, акрил және т.б.]
- Жұмыстың мөлшері А1, А2, А3, А4. Стандартты емес мөлшердегі жұмыстар да қабылданады.
- Жұмысқа автор өзі туралы мәліметтер көрсете отырып, қол қоюы тиіс.
- Жұмысты автор толықтай өзі жасаған түпнұсқа болуы қажет.
- Бір автордың бірден үшке дейін жұмысы қабылданады

Жеңімпаздар категориялары:

- I, II, III орындар. 6 мен 8 жас аралығындағы категория
- I, II, III орындар. 9 мен 11 жас аралығындағы категория
- I, II, III орындар. 12 мен 14 жас аралығындағы категория
- I, II, III орындар. 15 мен 17 жас аралығындағы категория

Сіз өзіңіз салған суреттің тақырыбына арналған эссе мен жалпы жануарлар туралы өз ойыңыз бен идеяларыңызды жолдай аласыз (бұл міндетті талап емес).
Әр номинацияда жеңімпаздар бірнешеу болуы ықтимал.



Жеңімпаздарды марапаттау:

Байқауға қатысып, жүлделі орындарға ие бола алмаған балалар байқауға қатысты деген электронды сертификаттар алады.

Ал жеңімпаздар 2020 жылдың қыркүйегінде Алматы қаласына салтанатты марапаттау рәсіміне шақырылады.

Жеңімпаздар дипломдар мен бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқаудың бас әріптесі «EDUStream» Компаниясы супер-сыйлық ұсынып отыр – Жеңімпаз өз жұмысын Австрияның Вена қаласындағы байқауға алып барады, ал ынталандыру сыйлықтары ағылшын тілін үйренуге арналған тамаша кітаптар.

Байқауға ұсынылған жұмыстарды бағалау үшін ұйымдастыру комитеті құрамына белгілі өнер және мәдениет қайраткерлері енген қазылар алқасын бекітеді.

Байқау жеңімпаздарының жұмыстары еліміздің барлық аймағындағы билбордтарға орналастырылады.

Байқауды ұйымдастыру, өткізу мерзімі мен тәртібі:

- Жұмыстарды жинау – 2020 жылғы 1 сәуірден 30 маусымға дейін.
- Қазылар алқасының жұмысы мен нәтижелерін шығару – 5 шілде 2020 жыл.
 - Жеңімпаздарды жариялау, марапаттау – шілде 2020 жыл.
- Жеңімпаздардың жұмыстарын ҚР қалаларындағы билбордтарға орналастыру – тамыз-қыркүйек 2020 жыл.
 - Байқаудың көрмесін ұйымдастыру – тамыз-қыркүйек 2020 жыл.

Жұмыстар түпнұсқа түрінде мына пошталық мекен-жайда қабылданады:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050026, Әуезов көшесі, 14а үй
"Балалар Әлемді Бейнелейді" Қоғамдық Қоры

alembala.kz@gmail.com

www.alembala.kz

Қымбатты балалар!

Біз Сендердің жұмыстарыңды күтеміз!



Достар!

Сіздерден неғұрлым көп бала жүлде алатындай етіп байқаудың жүлде қорын жасақтауға атсалысуларыңызды сұраймыз!

- ***Жеңімпаздар жүлделері:***

- I, II, III орындар. 6 мен 8 жас аралығындағы категория
- I, II, III орындар. 9 мен 11 жас аралығындағы категория
- I, II, III орындар. 12 мен 14 жас аралығындағы категория
- I, II, III орындар. 15 мен 17 жас аралығындағы категория

- ***Ынталандыру жүлделері:***

- Ынталандыру жүлделері мүмкіндігінше көп болғаны жақсы.

- ***Демеушілердің арнаулы жүлделері [Сіздер кез келген жұмысты таңдап алып, жекелей марапаттауларыңызға болады]:***

- мүмкіндігінше көп мөлшерде немесе:
- I, II, III орындар. 9 мен 11 жас аралығындағы категория
- I, II, III орындар. 12 мен 14 жас аралығындағы категория
- I, II, III орындар. 15 мен 17 жас аралығындағы категория

Өз тарапымыздан біз Сіздерге төмендегідей жағдайда алғысымызды айта аламыз:

- Сіздердің логотиптеріңізді байқаудың ақпараттық материалдарында орналастырамыз.
- Сіздердің қолдауларыңыз туралы байқаудың әлеуметтік желілердегі ақпараттарында айтылатын болады.
- Аружан Саинның аккунттарындағы ақпараттарда көрсетіледі.
- Байқаудың сайтындағы ақпараттарда айтылады.
- Сіздің компанияңызға деген алғысымыз байқауға қатысты баспасөз-шараларында баспасөз-беттерінің логотиптерінде орналастырылады.
- Сіздің компанияңыздың өкілдері баспасөз-шараларына қатыса алады.
- Сіздің өкілдеріңіз байқаудың қазылар алқасына енгізіледі.

Жүлде ұсынамын дегендер +77012221571 телефонына хабарласуларына болады

